



**Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 4 мамырдағы № 108 "2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында аудан аумағында мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 14 тамыздағы N 196 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 16 қыркүйекте N 13-3-107 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігінің 2010 жылғы 6 қаңтарда N 1 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігінің 2010.01.06 N 1 Қаулысымен**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» № 213-І Заңының 28-бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 04 мамырдағы № 108 «2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында аудан аумағында мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды ұйымдастыру туралы» қаулысына (құқықтық нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде № 13-3-96 тіркелді, 2009 жылғы 22 мамырдағы «Айыртау таңы», 2009 жылғы 22 мамырдағы «Айыртауские зори» газеттерінде жарияланған) өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулымен құрылған аудандық шақыру комиссиясының құрамына «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы – Чепухин Сергей Иванович төраға б о л ы п е н г і з і л с і н ;

аудандық шақыру комиссиясының құрамынан Әубәкіров Нұрлан Әлбекұлы ш ы ғ а р ы л с ы н .

2. Осы қаулы алғашқы арнайы жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Е. Айнабеков*

*К е л і с і л д і :*

*«Солтүстік Қазақстан облысы  
Айыртау ауданының қорғаныс*

*істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік  
мекемесінің бастығы С. Чепухин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ